

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын өсіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 11 шілде N 945. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен.

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" 1995 жылғы 13 сәуірдегі N 458, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жеке мәселелері туралы" 1995 жылғы 13 сәуірдегі N 468, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" 1995 жылғы 14 сәуірдегі N 474, "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің мәселелері туралы" 1995 жылғы 16 мамырдағы N 694, "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жеке құрамының ақшалай табысы (еңбекақысы туралы)" 1995 жылғы 24 мамырдағы N 733, "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай табысы (еңбекақысы) туралы" 1995 жылғы 15 маусымдағы N 829 Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына 1995 жылғы 1 шілдеден бастап 1,12 түзетпе есептік коэффициенті қолданылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі